

Өткен аптада «Өнер» қалалық мәдениет сарайында «Жырларына өуен қонған ақындар» атты ән-жыр көші өтті. Кешті ұйымдастырушы – ақын Жұмағали Қоғабайұлы. Бұл кештің өзгешелігі – өздері сазгер немесе сырлы өлеңдеріне өуен жазылған өкібастұздық ақындардың көші. Сахна төріне бір-бірден көтерілген ақындар өздерінің өлеңдерін оқыған соң жергілікті әншілер олардың сөздеріне жазылған әндерді жүрекке жеткізе орындады.

Б.ЛАҚАДЫЛ

Кеш шымылдығын ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жұмағали Қоғабайұлы өз өлеңімен ашты. Оның «Екібастұздан ескен леп», «Дүмпуі көп дүние», «Жаңбырлы күн» атты жыр жинақтары жарық көрген. Кеш барысында ақынның «Кел деші», «Бақыт» деген өлеңдеріне жазылған әнін «Дарын» тобы шырқады.

Сахнаға шыққан келесі ақын – өзі педагог бола тұра қолынан қаламын тастамайтын, өлеңдері «Ертіс өуендері», республикалық «Жыр маржаны» атты қазақ поэзиясының антологиясына енген Жанак Тілегенұлы. Оның ағасына деген сағыныштан туған «Жан аға» әнін көрермендер назарына белгілі әнші, өнерпаз Архат Елубаев ұсынды. Сонымен қатар, ақынның «Баянның қызы» деген өлеңіне жазылған әнді «Жансері»

Жырларына әсем өуен қондырған

тобы айтып шықты.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Жас алаш» газетінің тілшісі, тарихшы, бірнеше шежіре кітаптың авторы, республикалық «Қазақ әдебиеті» газеті ұйымдастырған «Бір өлең – бір өлем» байқауының жеңімпазы, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай қыркүйек айында өткен «Алаш тарихының ақиқаты» атты республикалық жабық бәйгеде I орынды жеңіп алған Сайлау Байбосын «Кутузов көшесіндегі ой» өлеңін аса бір терең тыныспен оқыды. Оның өуенін де өзі жазған «Ерейменнің аруы» әнін №7 гимназия-мектептің әдебиет пәні мұғалімі Айнұр Қамзинова домбыраның сүйемелдеуінде орындады. Ерейментаудың ерке сылқымына арналған ән тыңдарманның көңіліне жол тартқандай-ақ.

ҚР Журналистер одағының мүшесі, ақын Жассерік Сәдуақасовтың бірталай өлеңіне ән жазған өуесқой сазгер Жомарт Қабікен ақын ағасының «Ақкөлім» әнін әуелетті.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист, «Баянда тосам», «Жетінші қабат», «Әкенің көзі» кітаптарының авторы, ақын Жанаргүл Қадырованың «Сәйгүліктердің патшасы» әнін «Қыран» тобының орындауында тыңдадық.

Әрісі республикалық деңгейдегі, берісі аймақтағы аламан айтыстарға на-

мысымызды жалау ете барып, қоржыны тоқ қайтып жүрген айтыскер ақын жөне өуесқой сазгер, «Алма гүлдегенде» атты жыр жинағының авторы Алмагүл Жүгінісоваға да кезек берілді. Ол жыр моншағын тегілтүмен қоса, өз өлеңіне жазылған «Адамзаттың анасы», «Қазақтың жері ғаламат» әндерін көрерменге ұсынды.

Көпшілік келесі кезекте есімі республика жастарына танымал, өз қатарластары арасында өткен «Мағжан көктемі – 2015» жыр фестивалінің жүлдегері, республикалық «Ақберен» айтыстың жеңімпазы, «Көбелек қанат қаққанша» жыр жинағының авторы, жас талант Еламан Төлеутайдың сөзіне жазылған «Жан өке» әнін әнші Арман Райдың орындауында тыңдады. Өуенін жазған – Алмагүл Жүгінісова. Сондай-ақ, бұл кеште күй өнеріне де кезек берілді. Халқымыздың қадірлі де қасиетті мұрасы болған күй өнерін насихаттап жүрген күйші, музыка мектебінің директоры Серік Сыздықов өзінің «Толғау» атты күйінің тұсауын кесті.

Бір жағынан өлең шығарып, бір жағынан сазгерлік өнерді қуған белгілі сөз шебері Серік Заңовтың есімі қала тұрғындарына жақсы таныс. Өз өлеңдеріне өзі өуен жазып жүрген сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Ол бұл кеште «Балалық шаққа саяхат», «Екібастұз – жас қалам» атты өлеңдерін көпшілікке оқып

берді.

Өзі әскери қызметкер бола тұра өнер дегенде ішкен асын жерге қоятын ұлтжанды, қазақтың қара өлеңін барлығынан биік қоя білетін адамның бірі Жүсіпбек Жарқынбеков десек, артық айтқандық болмас, сірә! Ол «Екібастұз» әнімен тыңдарманға жақсы таныс. Әнді белгілі әнші Гүлмира Алданова орындады.

Сондай-ақ, ақын аға-өпкелерінің ізін жалғастыруға құлшынып жүрген «Зерде» мектебінің бір топ оқушылары мен №18 мектептің мұғалімі Динара Әмірбек Ж.Қоғабаяев, Ж.Сәдуақасов, С.Байбосын, Ж.Тілегенұлы, Ж.Қадырова және А.Жүгінісованың өрнекті өлеңдерін мөнерлеп оқып шықты.

Кеш соңында мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айжан Жұмабаева кешке қатысып өлең оқыған, сазға бөлеген барлық қатысушыларға сертификаттар мен сыйлықтар табыстады.

– Біз – алдыңғы буын аға ақындар диплом алайық, болмаса халықтың көзіне түсейік деп келмедік. Заман құбылып, қазақтың қара өлеңі ойыншыққа айналып бара жатқан сыңайлы. Өйткені екі адамның бірі өлең жазатын болды. Қазаққа Абай да ақын, жиын-тойларда құттықтау өлең жазатындар да ақын. Сондықтан да мұндай іс-шара – өкшемізді басып келе жетқан өлеңқұмар жастар үшін керек дүние. Кейбір мекемелерге бара қалсаң, қазақтың қара-көздері өлең емес, сөзін өз тілінде айта алмай қиналғанын көргенде, болашағымыз жайлы алаңдай бастаймыз. Алайда өлеңім – өмірім, өмірім – өлеңім дейтін азаматтар қаншама?! Соларды көріп қуанасың. Мұнда талай-талай дүбірлі кештер өтіп жатыр. Алайда бүгінгі шара бір тың бастама болды, – деді С.Байбосын кешті түйіндеп.